



Қауіпсіздік принциптері

КПО қызметкерлері соңғы жылдары табысты жүзеге асырып жүрген жолда жүру қауіпсіздігі бағдарламасымен тағы да балалар мекемелерінде болды.

Жыл сайын жобаның ұйымдастырушылары бұл шараны түрліше етіп өткізуге тырысады. Жол қозғалысы ережесі бойынша материалмен танысу және оны есте қалдырудың танымдық және еліктеріш шаралар түрлері көп. Ал олар қала ішінде баланың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз етеді. Осындай мақсатта ұйымдастырылған сурет салу байқауы, концерттер, ойындар мен викториналарға мектеп оқушылары мен мектеп жасына дейінгі балалар қуана-қуана қатысады. Осы қауіпсіз қозғалыс жобасы уақытында ақсайлық балалар КПО-ның қоғамдық ұйымдармен байланыс, корпоративті қауіпсіздік, инфрақұрылым және қызмет көрсету бөлімі қызметкерлерімен жақын танысып үлгерді. Бұл қызметкерлердің мамандықтарының әртүрлі екендіктеріне қарамастан олардың әрқайсысының КПО-ның жалпы саясатын анықтайтын, еңбек пен өндірістік қауіпсіздік мәселелеріне, сол сияқты қоршаған ортаны қорғауға ба-

рынша мән берілетін ТҚ, ЕҚ және ҚОҚ бағдарламасын жүзеге асыруға осыншама күш-қайрат, уақыт жұмсайтыны қуантады. КПО компания қызметінде келіпті қауіпсіздікті қамтамасыз етумен бірге, қауіпсіздік стандарттарын өмір сүру деңгейі республика аумағындағы ірі кен орнын игеруші шетелдік альянстың көз алдындағы жергілікті халық арасында да белсенді таратуда. Жалпы қауіпсіздік үшін жасалып жатқан осы шаралар шеңберінде қазақстандық жол полициясы қызметімен бірлесе отырып қаланың және ауданның жолдарында актуалды ақпараттық материалдар жазылып, ілініп, жол белгілері мен жылдамдықты азайтуға арналған кедергілер қойылуда.

Ақсай қаласындағы мектептердің ішінде ең үлкен залы бар №6 мектепте өткен кездесуге келсек, зал оқушыларға лық толы болды. Кездесу көңілді өтті және нағыз өртістермен танысудан балалар үлкен әсер алды деуге болады. Сонымен бірге жол қозғалысы ережесін қайталау да өте пайдалы болды деуге болады. Қауіпсіз қозғалыс бойынша бұл бағдарлама кішкентай балалар мен мек-

тепке дейінгілерге арналған. Олар жолда жүру ережелерін жастайынан білулері керек, қауіпсіздік ережелерін сақтау дағдылары өте кішкентай кездерінен әдет болып қалыптасулары керек дейді КПО-ның ТҚ, ЕҚ және ҚОҚ менеджері Бауыржан Шамшитов.

«Жыл өткен сайын бұл жобаның ұйымдастырушылары да, қатысушылары да көбейіп келеді. Негізгі идея балалардың жалпы қауіпсіздік мәдениеті деңгейін көтеру. Қала көшелерінде бала үлкендердің бақылауынсыз жалғыз өзі жүрген жағдай-да ол тротуарлар мен жолдарда дұрыс жүріп-тұруды білулері керек. Ол үшін алдын ала арнайы профилактикалық жұмыстар жүргізіліп тұруы керек», - аудандық білім бөлімі мен жол полициясымен белсенді қарым-қатынас жасап отырған компания қызметкерлері осылай деп есептейді.

Аудандық оқу бөлімі техника қауіпсіздігі бағдарламасын ұйымдастырушылардың қызметін үйлестіріп, мектептер мен бала бақшаларындағы балалардың санын анықтауға, өткізілетін іс-шаралардың уақытын белгілеуге көмектесіп отырса, жол полициясының қызметкерлері қаладағы жол-көлік апаттары бойынша қолда бар мәліметтерге сүйене отырып, КПО-ның демеушілік көмегі арқасында «жолда жатқан полицей» белгісін орнататын көлік қозғалысының ең қауіпті уақыткерлерін белгілеп береді.

КПО-ның қауіпсіздік бөлімі қызметкерлері мен Бөрілі аудандық ІІБ жол полициясы қызметкерлерімен болған соңғы кездесуде осы ескертпе белгілер қойылған жерлерде жол-көлік апаттарының саны азайғаны ту-

ралы айтылды. Сол сияқты қауіпсіз қозғалыс бағдарламасы шеңберінде қала мектептерінде балалардың сурет салу байқауы өткізіліп, жеңімпаздары сыйлықтар мен жүлделерге ие болып, ал олардың суреттері қала билбордтарына ілінуде. Б.Шамшитовтың айтуынша төрешілер алқасы бұл байқауда баланың бойындағы суретшілік қабілетті емес, ЖОЖЕ тақырыбына қатысты қызықты да жарқын идеялардың әртүрлі варианттарын сарапта салған. Қала көшелерінде компанияның қолдауымен ілінген ақпараттық баннерлерді де көруге болады.

Танымдық бағыттағы кездесулерде балалар дайын бағдарламаны танып-танып қана қоймайды, қызықты театрландырылған көріністерге өздері де белсенді түрде араласады. Бұл бағдарламалар Ақсайдың барлық мектебі мен балалар бақшаларында өтті. Оған «Арман» мәдениет-дұман орталығы мен Ақтөбе қаласының қуыршақ театрының әртістері қатысты.

«Біз балалар үшін жолда жүру ережесін қатып қалған фактілер мен сандарсыз, ойын түрінде жеткізгіміз келді», - дейді Бауыржан Шамшитов. Практика көрсеткендей, іске деген мұндай көзқарас дуылдата қол соғу мен балалардың әсем күлкесіне қарағанда шын мәнінде тиімді-ақ. Оның үстіне, үнемі қазак және орыс тілдерінде қатар комментарийлер жасалып, көрермендердің толық түсінуін қамтамасыз етіп отырды.

Қауіпсіз жүріп-тұру бағдарламасының келесі кезеңі маусым айына, Балаларды қорғау күніне белгіленген. Яғни компания жолдар мен көшелердегі балалардың қауіпсіздігіне бей-жай қарай алмайды.

КПО компаниясы бірнеше жылдан бері қазақстандық университеттердің түлектерін КПО-да жұмыс істеуге тарту үшін, оларды кәсіби өсуге және компанияның болашақ өркендеуіне қатыстыру жоспарларының әртүрлі бағдарламаларын жасап келеді. Бұл бағдарламалар КПО-ның техникалық бөлімдерінің ресурстық қажеттіліктерін сапа жағынан да, сан жағынан да қанағаттандыра алатын мамандарды ары қарай дамытуды мақсат етіп қояды. Жас түлектер жұмыс уақытында жинаған арнайы теориялық және практикалық білімдері мен тәжірибелерінің арқасында мұнайгаз секторындағы жұмысқа қажетті кәсіби құзырлыққа ие болады, сөйтіп, тек қана КПО-ның табысына ғана емес, тұрақты экономикалық өсуге келіпті бере алатын дарынды қазақстандық қызметкерлер штатын қалыптастыруға ықпал жасайды.

«Эни» компаниясының Корпоративті университеті мен ОПІТО Мұнайгаз академиясы сияқты оқу орындары КПО-ға түлектерді дамытудың негізгі бағдарламаларын жүзеге асыру үшін тартылады. 2008 жылы КПО-ға енгізілген өндіру операторларын, жөндеу мен қызмет көрсету жөніндегі техниктерді кәсіби дамыту бағдарламасы Британдық мұнайгаз академиясының заманауи кәсіби техникалық оқыту Бағдарламасы негізінде жасалған. КПО ТМД аумағындағы халықаралық деңгейдегі ОПІТО бағдарламасы бойынша сертификатталған оқуды

Түлектерге көмек



оқытып жатқан бірінші компания екенін ерекше атап өтуіміз керек. Осы бағдарлама бойынша оқып жатқандардың барлығы да іріктеу тестісінен өтеді, ал ол үміткерлердің техникалық сабақтарды оқып-үйренуге қабілеттіліктерін анықтауға көмектеседі. Бұл оқу табысты аяқталған жағдайда оқуда жақсы нәтиже көрсеткендерге КПО-ға жұмысқа орналасу мүмкіндігін береді. Ал КПО-ға жұмысқа

жоғары кәсіби операторлар мен техниктерді қабылдау мүмкіндігін береді. Жыл сайын КПО осы топтың кішкене бөлігін ұнғылау операцияларына мамандандыруға алады.

2009 жылы 95 қазақстандық стажер ОПІТО (Higher International Certificates) Мұнайгаз академиясының сертификатын алды. Қазіргі уақытта оның 87-сі КПО-мен тікелей - келісім шартпен жұмыс жасайды. 2009

жылдың маусым айында 113 стажер ОПІТО бағдарламасы бойынша оқудың жаңа кезеңін бастады.

2009 жылдың наурызындағы Қазақстан халқына Жолдауында Президент Нұрсұлтан Назарбаев жоғары оқу орындарының жұмыссыз түлектеріне қолдау көрсетуге көңіл аудару мен олардың кәсіби дамуына көмек көрсетуге шақырған еді. КПО өз бастамасы бойынша Бөрілі ау-

данында тұратын және көпшілігі компанияға жұмысқа қабылданып үлгерген жаңа түлектер үшін жұмыс орнында практикалық оқуды ұйымдастырып, өткізді.

Сол сияқты КПО компаниясы бірнеше қазақстандық университеттермен бірлесе жұмыс жасайды, соңғы курс студенттеріне өндірістік практиканы компанияда өткізуге мүмкіндік беріп, оларға мұнайгаз секторында жұмыстың бағытын жақсырақ түсінуге жағдай туғызып отыр. Бұл схема шетелде оқып жатқан студенттерге де қатысты. 2009 жылы КПО-да 484 студент практиканы өтті, бұл 2008 жылғы көрсеткіштен 6% артық.

Әсіресе, КПО компаниясы жасаған кәсіби-техникалық оқу бағдарламасын ерекше атап өту қажет. Бұндай бағдарлама алғаш рет жасалып, 2007 жылы енгізілді. Бағдарлама мұнайгаз өндірісіндегі лауазымдық қызметтерге қызығушылық танытқан жергілікті жастарға кәсіби және қызметте өсу барысында алғашқы қадамдарын жасауға мүмкіндік береді. Сол сияқты КПО олардың оқу жоспарларына техникалық білімді енгізу мақсатында Бөрілі кәсіби-техникалық колледжімен және Ақсай қаласындағы №15 лицеймен тығыз әріптестік қарым-қатынас жасайды. Осы оқу орындарының студенттеріне оқудың соңғы жылында компанияда өндірістік практиканы өтуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа КПО білімдерін жоғарылату мен кәсіби тәжірибелерін арттыру мақсатында оқытушыларға да білімдерін жетілдіруге жағдай туғызады.

Жаңа тағайындау

Кристиано Джиоаккини еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау және сапаны бақылау бөлімінің басқарушысы болып тағайындалғаны туралы хабарлаймыз.

Кристиано КПО-ға дейін Агір КСО компаниясында Қашаған жобасының эксперименттік бағдарламасымен айналысқан. Жоғарыда аталған компанияда Кристиано жердегі және теңіздегі жобалардың ЕҚ, ҚТ, ҚОҚ және СБ саласындағы мәселелерін басқарумен айналысты, 2010 жылы сол жобалардың жалпы жұмыс күші 40 000 қызметкерді құраған.

Бұрын Кристиано Италия, Ирландия және Ресейде Елі компаниясының бөлімшелері мен еншілес кәсіпорындарында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласы бойынша бірнеше басқарушы қызметтерді атқарған.

Кристианоның Қазакстандық ұқсас жобаларда алған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы көп жылдық тәжірибесі мен жоғары біліктілігі біздің компания үшін өте тиімді әрі маңызды болады.

Кристиано жаңа қызметте жетістіктерге жетсін деген тілекті білдіреміз.



Жеңімпаздардың аттары жарияланды

КПО компаниясы ЕҚ, ТҚ және ҚОҚ бойынша 2010 жылдың 3-4 тоқсанының қорытындысы бойынша ынталандыру сыйлығына ие болған жеңімпаздардың аттарын жариялады. Төменде марапат иелерінің тізімі берілген.

Үздік жеке профилактикалық бақылау:

Есенғалиев Абдул (ұңғымалық операциялар бөлімі, ұңғымаларға қызмет көрсету жөніндегі супервайзер, КПО);

Деев Максим (ұңғымалық операциялар бөлімі, канат техникасы жөніндегі оператор, «Шлюмберже»);

Шайхиев Мерген (ұңғымалық операциялар бөлімі, ұңғымалардың жер асты жөндеу құрал-жабдықтары бойынша супервайзер);

Кайбалиев Нурлан (ҚКК (КПК), мұнай мен газды қайта өңдеу операторы);

Шайхиев Жәрдем (ұңғымалық операциялар бөлімі, ұңғымаларға қызмет көрсету инженері);

Мырзахметова Райхан (ГП-3, аудармашы);

Мұхамеджанов Қуат (ГП-3, мұнайгаз операторы);

КПО қызметкерінің ЕҚ, ТҚ және ҚОҚ бойынша үздік жеке көрсеткіші:

Шайхиев Ақылбек (химиялық лаборатория, сынақ алу тобының жетекшісі);

Шмидт Игорь (химиялық лаборатория, бақылау-өлшеу приборлары бойынша техник);

Есентеміров Нұржан (өндіру және техникалық қызмет көрсету бөлімі, шығындар есебі бойынша маман);

Хабиев Диас (геология және кен орнын игеру бөлімі, геозеологиялық қызметтің менеджері);

Хасанов Қабилтай (ГП-3, мұнайгаз желісі бойынша учаске мастері);

Одинцова Евгения (ҚКК (КПК), қоршаған ортаны қорғау инженері);

Даулетов Самат (ҚКК (КПК), қоршаған ортаны қорғау инженері);

Богомол Андрей (ГП-3, жүк тиегіш машинаның жүргізуші-машинисі);

Мердігерлік және субмердігерлік ұйым қызметкерінің ЕҚ, ТҚ және ҚОҚ бойынша үздік жеке көрсеткіші:

Сомогий Роберт (БККС);

Нұрманов Мұхит (ұңғымалық операциялар бөлімі, «Халлибертон»);

Есентаев Серик (ГП-2, материалдар ауыстыру жобасы, құрылыс ағаштары бойынша мастер, «Бонатти»);

Пшембаев Жұмағали (инфрақұрылым және қызмет көрсету бөлімі, супервайзер, «Группа 4»);

Деменов Еркен (өндіру бөлімі, жүк тиеу машинасының жүргізушісі, «Рауан-Налко»);

Шамбилов Жұбандық (ұңғымалық операциялар бөлімі, жүргізуші, «Сайпар»);

Үздік кәсіби жүргізушілік көрсеткіші:

Темиргазиев Байболат (Транспорт, жүргізуші, «Карьера»);

Баймағамбетов Жұмабай (Транспорт, жүргізуші, «Карьера»);

Крылов Вячеслав (Транспорт, жүргізуші, «Карьера»);

Падучих Виктор (Транспорт, жүргізуші, «Карьера»);

Ақтауов Аман (Транспорт, жүргізуші, «Карьера»);

Үйлестіру комитетінің атынан КПО-ның бас директоры Джузеппе Пази барлық жеңімпаздарды құттықтап, барлық қатысушыларға күнделікті жұмыс барысында ЕҚ, ТҚ және ҚОҚ-ға сіңірген еңбек үлестері үшін алғыс айтты.

«Новости Карачаганак» газеті де барлық номинанттар мен жеңімпаздарды қызу құттықтайды.

Конструктивті диалог негізінде

Кеңестер өткізу КПО-ның әлеуметтік саладағы қызметінің тірек іргетасы болып табылады. Ол үшін әртүрлі механизмдер пайдаланылады: консультативті ұйымдардың жиналыстары, қоғамдық тыңдаулар, жергілікті билік орындарының өкілдерімен, үкіметтік емес ұйымдардың және басқа да ақпараттың негізгі көздерімен кездесулер.

Берлі ауданының Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан төрт (Березов, Успенев, Приурал және Жарсуат) селолық округте Консультативтік кеңестер құрылып, жұмыс жасайды. Олар өндіріс орнына жақын сегіз елді мекенді қамтиды. Бұл Консультативтік кеңестер 2005 жылы КПО мен Берлі ауданының әкімдігі, мәслихаты арасында Өзара түсіністік туралы меморандумға сәйкес құрылған еді. Бұл кеңестің құрамына селоның сыйлы адамдары, жергілікті басқару орнының өкілдері кіреді. Олар ортақ проблемаларды талқылап, шешу үшін үнемі кездесіп тұрады. Бұдан басқа мұндай кездесулерде жергілікті тұрғындар КПО-ның ағымдағы және жоспардағы қызметінен үнемі ақпарат ала алады.

2010 жылы Консультативтік кеңестер жалпы алғанда 21 рет отырыс өткізіпті. Консультативтік кеңестер ортақ тақырыптардан басқа, Қарашығанақ кен орны мен оған жақын орналасқан жерлердің сейсмологиялық зерттеулеріне қатысты, әлеуметтік базальқ деңгейді бағалау нәтижелері, сол сияқты селолық жерлерге әлеуметтік инвестиция салу басымдылықтары жобалары сияқты мәселелерді талқылауға қатысты.

Ауылдық жерлерде өмірлік белсенділіктердің төмендеуі күн тәртібіндегі өткір мәселе, әсіресе, бүкіл тұрғындары 500-ге жетпейтін кіншкентай ауылдарға қатысты. Жастар жоғары білім алғысы келеді, сондықтан да туып-өскен жерін тастап кетуде.

Қарашығанақта мұнайгаз секторының дамуы экологияның нашарлауы деген сөз, ал ол өз кезегінде жергілікті халықтың денсаулығына, ауылшаруашылық өнімдері мен мал шаруашылығына кері әсерін береді. 1980 жылдары Қарашығанақ кен орны ашылып, КПО Қарашығанақ кен орнында өз қызметін бастама бұрын, пайдаланыла бастаған алғашқы жылдарда қалыптасқан осындай пікір КПО-ның экологиялық жағдайды қатаң қадағалап, бірқатар экологиялық бағдарламалар енгізіп отырғанына қарамастан жергілікті халықта әлі бар. Осыған жауап ретінде КПО жергілікті қоғамдық ұйымдардың өкілдерінің белсене қатысуымен, мемлекеттік ғылыми-зерттеу институтының өкілетті адамдарымен өздерінің өндірістік қызметінің шөлке, топыраққа, су көздері мен жергілікті тұрғындардың малдарына әсеріне сараптама жасады.

КПО өзінің жақын көршілерінен басқа Қарашығанақты Атыраумен қосып отырған тұрба желісі бойында орналасқан елді мекендердің қоғамдық ұйым өкілдерімен осы тұрба желісі олардың аумағынан өтетіндіктен және оны пайдалану барысында туындайтын мәселелер мен проблемаларды тауып шешу, сол сияқты жергілікті халықты авариялық жағдай туғанда немесе аварияны жою кезінде жасалатын әрекеттерден хабардар ету мақсатында ынтымақтастық қарым-қатынаста жұмыс жасайды. 2009 жылы КПО-ның тазартылған газ Қарашығанақ - Орал тұрба желісі құрылысының Жобасы тобына жергілікті халықпен жұмыс жөніндегі маман қызметі енгізілді. Бұл маманның міндетіне құрылыс жұмыстары аймағында қалуы мүмкін елді мекендермен қарым-қатынас орнатуда Жоба тобына қолдау көрсету, елді мекен тұрғындарын ашық әңгімеге тарту, оларды қызықтыратын мәселелерді шешуге көмек көрсету кіреді.

Бұдан басқа КПО жүзеге асуы жергілікті халықтың мүддесіне қатысты әрбір жаңа жобаны жоспарлағанда, компания әрқашан жоспарлы жұмысты және оның болуы мүмкін зардаптары туралы ақпаратты жеткізіп отыру, сол сияқты осыған қатысты кез-келген мәселелер мен проблемаларды талқылау мақсатында қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Мұндай қоғамдық тыңдаулар жобаны игерудің әртүрлі кезеңдерінде өткізіле береді. Қоғамдық тыңдаулар жергілікті биліктің көмегімен өткізіледі, ал оны өткізу туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады. 2010 жылы КПО өз жобалары бойынша екі қоғамдық тыңдау өткізді. Олар қатты өндірістік қалдықтар полигонының құрылысы мен Қарашығанақ-Орал газ құбыры құрылысының екінші фазасына арналды.

КПО-да арнайы бекітілген арыздарды қарау процедурасы бар. Жақын ауылдардың кез келген тұрғыны КПО-ның тұрғындармен байланыс бөлімінің қызметкеріне не ауысса, не арыз-өтінішке арналып әрбір селода орналасқан арнайы жашік пен өтініш бланкісін пайдалана отырып, жазбаша түрде шағымдарын білдіре алады. 2010 жылы осы механизм бойынша бірде-бір маңызды шағым түскен жоқ. Бұл бір жағынан КПО қызметкерлерінің бұл ауылдарда жиі болып, ауыл тұрғындарының олармен тікелей кездесуге мүмкіндігі барлығынан да болуы мүмкін. Сонымен бірге 2010 жылы бұл жерлерде компания жергілікті тұрғындарға қатысты боларлықтай жұмыстар жүргізген жоқ. 2010 жылы КПО осы процедураның тиімділігін арттыру мақсатында қайта қарады. Сондай-ақ тұрғындармен жұмыс бөлімінің қызметкерлерінің байланыс телефондары қоса көрсетілген кен орнына жақын орналасқан селолық округ тұрғындары тарапынан түсетін арыз-шағымдарды қарау процесі туралы кітапша шығарылды. Аталған кітапшалар 2010 жылдың желтоқсанындағы Консультативтік кеңестердің қорытынды отырысында кен орнына жақын орналасқан селолық округ тұрғындарына таратып берілді.

КПО компаниясы конструктивті диалог арқылы үкіметтік емес ұйымдармен іскерлік қарым-қатынасқа дайын және жергілікті тұрғындармен Консультативтік кеңес арқылы бірлескен жұмысты жалғастыра беретін болады.

